


Тақырып: Ақжарқындық және оптимизм




Мақсат: Оқушыларға адам өміріндегі ақжарқындық және оптимизмнің маңыздылығын түсіндіру арқылы Дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу.



Әңгімелесейік

«Менің демалысым» баяндау

1. Қалай демалдыңыздар?
2. Қандай жақсылық жасадыңыздар?
3. Қандай кітап оқыдыңыздар?
4. Үшінші тоқсанға қандай мақсаттар қойдыңыздар?



Дәйексөз:



«Адам – өз өмірінің суретшісі»

Баубек Бұлқышев,

ақын, жазушы

Дәйексөздің мағынасын қалай түсіндіңіздер?



Әңгімелеу

М.Шәжімова «Күн мен бұлт» Әңгіме

Сұрақтар:

1. Балалар неліктен Күнсұлуды жақсы көрді?
2. Күннің іс-әрекетінен не үйренуге болады? Аспан-ана не деп айтты?
3. Күн сияқты адамдардың ақжарқын болуы неге байланысты?
4. Адамдардың ашық, көңілді болуы қандай қасиеттерінен көрініс табады?
5. Сіздің сыныбыңызда кім ақжарқын адам?



Жаңаны білеміз



Ақжарқындық – адамның жақсы қасиеті.
Ақжарқын адамның жүрегі жылы, жаны таза,
сезімтал, адамгершілік іс-әрекеттерімен
айналасына нұрын шағады, қуат береді.

Республиканские педагогические чтения

«Педагогика любви и творчества»

Ақжарқындық – бұл көңілдің кеңдігі, мінездің
ашық-жарқындығы. Ақжарқын адамның көңіл
күйі көтеріңкі болып, бәрінен жақсылықты көре
біледі.



Шығармашылық іс-әрекет

Ақжарқын және оптимист адамдарды бейнелеу



Сабақтың соңғы тыныштық сәті

Өз жүрегіміздің жылылығын сезініп, жүрек жылуымызды бір-бірімізге жеткізу үшін ақжарқындық, оптимизммен жақсы тілектерді стикерге жазып ата-әже, әке-ана, апа-сіңілі, аға-іңілеріңізге сыйлаңыздар!

Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді жүректеріңізге сақтап алыңыздар.

Сабаққа қатысқандарыңызға рахмет! Сау болыңыздар!

